

ҰЛЫ ЖЕҢІС ҚҰТТЫ БОЛСЫН, ЖОЛДАСТАР!

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

Ленин

К(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 90 (7050)

Сәрсенбі 9 май 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жоке саны 20 тыйын

Германияның қарулы күштерінің сөзсіз тізе бүгуі туралы актіге қол қойылуы Соғыста тізе бүгу туралы акті

1. Біз, төменде қол қоюшылар, Германияның Жоғарғы Командованиесі атынан іс ете отырып, біздің жер бетіндегі, теңіздегі және әуедегі қарулы күштеріміздің, сол ыяқты қазіргі уақытта неміс командованиесінің басқаруында тұрған барлық әскерлердің, Қызыл Армияның Жоғарғы Бас Командованиесіне және мұнымен қатар одақтасардың Европадағы әскерлерінің Жоғарғы Командованиесіне сөзсіз тізе бүгуіне келісім береміз.

2. Германияның Жоғарғы Командованиесі немістердің жер бетіндегі, теңіздік, әуе күштерінің және неміс командованиесінің басқаруында тұрған барлық әскерлердің барлық қолбасшыларына 1945 жылғы 8 майда орталық-Европа уақытымен 23—01 сағатта соғыс қыймылдарын тоқтатуға, олардың осы уақытта тұрған орындарында қалып, толық қарусыздануына, олардың барлық қару-жарағы мен соғыс мүлкін одақтастардың жергілікті жердегі қолбасшыларына немесе Одақтастардың Жоғарғы Командованиесі бөлген офицерлерге тапсыруына, кемелерді, самолеттерді, олардың двигательдерін, корпусары мен жабдықтауларын, сондай-ақ машиналарды, қару-жаракты, аппараттарды және соғыс жүргізуге керекті барлық соғыс-техникалық құралдарды бүлдірмеуіне және ешбір зиян келтірмеуіне дереу бұйрықтар береді.

3. Германияның Жоғарғы Командованиесі дереу тиісті командирлер бөледі және Қызыл Армияның Жоғарғы Бас Командованиесі мен Одақтастардың Европадағы әскерлерінің Жоғарғы Командованиесінің бұдан былайғы берген барлық бұйрықтарының орындалуын қамтамасыз етеді.

4. Бұл акті оны тізе бүгу туралы Германияға және германның бүтіндей қарулы күштеріне қолданылатын, Біріккен Ұлттар жасаған немесе олардың атынан жасал-

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталды.
Жеңімпаз халық—қаһарман совет халқы жасасын!
Батыр Қызыл Армиямыз жасасын!
Біздің жеңістерімізге дем беруші және ұйымдастырушы
кемеңгер Сталин жасасын!

Облыстық совет аткомі мен ҚК(б)П обкомінде

Облыс колхоздарында көктемгі егісте агротехниканың бұзылуы туралы

Жүргізілген тексерісте Совет, Соколов және басқа аудандардың бірсыпыра колхоздарында көктемгі егісті өткізуде агротехниканың өрескел түрде бұзылуы сыяқты фактылардың болғандығы айқындалды.

Совет ауданының «Совет», «Елтай», «Қарағайлы» колхоздарында, Соколов ауданының Ленин атындағы ауыл шаруашылық артелиде егіс жері 10—12 сантиметр тереңдікте, ал жеке алаңдарда бұдан да саяз жыртылған. Приешім ауданының «III-интернационал» колхозында жерді жыртықанда кілең атжал қалдырылған (бір гектарда 200ге дейін атжал қалған).

Колхоздарда тұқым сенкіштер бола тұрса да, тұқымды қолмен себу және тіпті жыртылмаған аңыға тұқым себу жұмысы етек алған. Соколов ауданының Ленин атындағы колхозында атқа жегілетін 2 тұқым сенкіш және бір трактор тұқым сенкіші бола тұрса да, 203 гектар егіс жерінің 179 гектарына тұқым қолмен себілген. Совет ауданындағы «Совет» колхозында 8,5 гектар жерге себілген бұршақ өгісінің тұқымы кеспекпен сіңіріліп, алаң тырмаланбаған. Жердің саяз жыртылуы және тұқымның нашар сіңірілуі салдарынан тұқымның 30 процентке жуығы жер бетінде қалған.

Соколов, Совет, Приешім тағы басқа аудандардың бірталай колхоздарында тракторлармен тың және тыңайтылған жерді жыртықанда айқыш-үйкеш жырту ісі қолданылмаған, осыдан жұмыс сапасы едәуір кеміген. Жыртылған тың және тыңайтылған жерді тискалап тырмалауда

агротехниканы бұзушылықтың қайсысына болса да қарсы батыл күрес жүргізуге міндеттелсін, бұл үшін мына жұмыстар істелсін:

а) аудандық жер бөлімдерінің, МТСтар мен совхоз агрономдарының және аудан басшыларының күшімен 12 майға дейін аудандардың барлық колхоздары мен совхоздарында жер жыртудың, оны тырмалау және тұқым себу жұмысының сапасы тексерілетін болсын. Тексерістің қорытындылары колхозшылардың, тракторшылар мен совхоз жұмысшыларының жиылыстарында, ал бүкіл аудан бойынша ҚК(б)П аудандық комитеттерінің бюросында талқылансын;

б) жарысқа түскен колхоздар, МТСтар мен совхоздар арасында егіс жұмыстарының сапасын өзара тексеру жұмысы дереу ұйымдастырылсын. Бұл жұмысқа тәжірибелі колхозшылар мен совхоз жұмысшылары қамтылатын болсын;

в) жыртылған және тұқым себілген егіс алаңдарын звеношылар мен колхозшылардан дала бригадалары бригадирінің тыңғылықты түрде күнсайын қабылдап алу ісі қамтамасыз етілсін. Жұмыс сапасын үнемі тексеру және әрбір бригада мен звеноның істеген жұмысын қабылдап алу колхоз председателдерінен талап етілсін;

е) сапасыз атқарылған жұмыс қайтадан істелетін болсын. Жұмсалған жанармай кінәлі адамдардың есебіне жазылып, оларға еңбеккүн есептелмейтін болсын, мұнымен қатар, оларға ауыл шаруашылығын дамытуға қажетті

Көктемгі егіс—ода майдан

Егіс жұмыстарында Киров атындағы колхозға теңеліңдер!

ОБЛЫСТА БІРІНШІ

Полудень ауданының Киров атындағы ауыл шаруашылық артелинің (председателі Коломеев жолдас) мүшелері Краснодар өлкесінің Брюхово ауданындағы «Красный партизан» колхозы мүшелерінің үлгісі бойынша, 1945 жылы егіннен мол өнім алу жөніндегі Бүкіл Одақтық социалистік жарысқа ұштасқан болатын. Сөйтіп, көршілес «Красный Октябрь» колхозының мүшелерімен социалистік жарысқа түсіп, егіс жоспарын 10 майға дейін орындап шығуға міндеттенген еді. Колхозшылар бұл сөртін мерзімінен бұрын орындады. 8 майға дейін 390 гектар орнына 400 гектар егіс екті. Қазір жеңіс қорына жоспардан тыс егіс егіп жатыр.

Егіс жұмыстарында әсіресе Василиса Бондарева жолдас басқарған әйелдерден құралған трактор отрядының мүшелері жан қарлықпен жұмыс істеді. Олар егіс кезінде трактормен істелетін жұмыс жоспарын 146 процент орындады.

Тракторшы Люба Бондарева және Анна Тупицкая жолдастар Қазақстанның 25 жылдығы атындағы социалистік жарыс туын жоғары ұстап, тұқым себуда күнделік мөлшерді үнемі 150—160 процент орындады. Жер жыртуда жүрген тракторшы Мария Соловьева жолдас та еңбек өнімі: еселеп арттырудың тамаша үлгісін көрсетті.

КОЛЛЕКТИВТІК ТІЛШІ—«СТАХАНОВШЫ» ГАЗЕТІНІҢ РЕДАКЦИЯСЫ.

Еңі колхозда еңі нәтиже

ЯВЛЕНКА. (Өз тілімізден). Образцовая машина-трактор станциясының қамтуындағы Шевченко атындағы колхоздың мүшелері жан аямай жұмыс істеп, қыс бойы көктемгі егіске тыңғылықты әзірленді. Колхозшылар көктемгі егіске даярлықта ішкі мүмкіншіліктерді жұмысқа толық пайдаланып, егіс жұмыстарына ұйымдасқан түрде кірісті.

Колхозда көктемгі егіс жұмыстарына 6 соқа, 36 тырма, 39 өгіз, 8 жұмыс аты және 34 сыйыр қосылды. Егістің алғашқы күшінен бастап-ақ колхозшылар арасында еңбек тәртібі бұрынғыдан да күшейе түсті.

Ал Шевченко атындағы колхозға көршілес, осы колхозбен социалистік жарысқа түскен «Проводник» колхозында жұмыстың барысы мүлде басқаша. Бұл колхоздың күш-мүмкіншілігі Шевченко атындағы колхоздан әлде қайда басым. Мұнда жұмыс күші мен мүмкіншіліктер де жеткілікті. Бірақ солай бола тұрса да бұл колхоз социалистік жарыста арт қалып келеді.

Колхоз бйылы 1950 гектар дөңді және майлы егіс егуге тиіс еді. Өткен жылы әзірленген 300 гектар қара пар мезгіл болатын. Осының күні бүгінге дейі 159 гектары ғана тырмаланды. Не бәрі 135 гектар ғана егіс алаңына тұқым

дованиесі өздері хажет деп тапқан жазалау шараларын немесе басқа шараларды қолданады.

6. Бұл акті орыс, ағылшын және неміс тілдерінде жасалды. Оның тек орыс және ағылшын тілдеріндегі сөзі түп нұсқа болып есептеледі.

Актіге 1945 жылғы 8 майда Берлин қаласында қол қойылды.

Германияның Жоғарғы Командованиесі атынан: **КЕЙТЕЛЬ, ФРИДЕБУРГ, ШТУМПФ.**

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің Жоғарғы қолбасшысының өкілдік беруі бойынша **Авиация Бас Маршалы ТЕДДЕР.**

Актіге қол қойғанда қатысқандар:

Қызыл Армияның Жоғарғы Бас Командованиесінің өкілдік беруі бойынша Советтер Одағының Маршалы **Г. ЖУКОВ.**

Сол сыяқты актіге қол қойғанда куәлер ретінде қатысқандар:

АҚШтың стратегиялық әуе күштерінің қолбасшысы генерал **СПААТС.**

Француз армиясының Бас қолбасшысы генерал **Делатр де ТАССИНИ.**

гадаларының бригадирлері мен колхоз председателдері күнделік істелген жұмысты колхозшылар мен тракторшылардан қабылдап алмайды, қабылданған егіс алаңы жөнінде акты жасалмайды.

Аудандардың партия, совет белсенділерінің бірсыпырасы, аудандық жер бөлімдері мен МТС қызметкерлері колхоздарда агротехниканың мұндай өрескел түрде бұрмалануына немкетті қарап, егіс жұмыстарының сапасын жақсарту жөнінде шұғыл шара қолданбай отыр. КК(б)П аудандық комитеттері мен аудандық совет аткомдері барлық агротехника шараларын қолдана отырып, көктемгі егіс жұмыстарын тағайындалған мерзімде аяқтау жөнінде колхоз белсенділеріне қатты талап қоймай келеді. Егіс жұмыстарының сапасының мұндай нашар болуы егістен өнімнің кем алынуына қатты әсер етеді деп есептеп, облыстық совет аткомі мен КК(б)П обкомі қаулы етеді:

1. Аудандық совет аткомдері, КК(б)П аудандық комитеттері, аудандық жер бөлімдерінің меңгерушілері, совхоз трестері мен МТС директорлары, көктемгі егісте

мыналар талап етілсін:

а) қоймадан тұқым босату және оны бригадаларда қабылдау жұмысы тыңғылықты жүргізілсін;

б) күн сайын жұмыс аяқталғаннан кейін себілген тұқымның және тұқым себілген егіс алаңының саны тексерілсін;

в) тұқым сепкіштердің қалтқысыз жұмыс істеуі тыңғылықты түрде бақыланатын болсын.

4. Егіс жұмыстарында еңбекті дұрыс ұйымдастыру және еңбек өнімін арттыру мақсатында, МТС директорлары мен колхоз басқармалары әрбір тракторшыға, соқашыға, тұқым себушіге, тырмашыға олардың келесі күні жұмыс істеуі үшін кешкіліктен бастап жер алаңын белгілеп беруге міндеттелсін.

5. Облыстық жер бөлімінің бастығы, аудандық совет аткомдерінің председателдері мен КК(б)П аудандық комитеттерінің секретарьлары көктемгі егіс аяқталысымен облыстың барлық колхоздарында егіс жұмысының сапасын тексеру ісін өткізуге міндеттелсін.

жолдас соңғы бір күнде 4,1 гектар жер жыртып, 22 килограм жанар майын үнемдеді. Бұл екі таңдаулы тракторшыға МТС дирекциясы алғыс жариялады.

Колхозшылардың осындай қажырлы қайратпен еңбек істеуі нәтижесінде, мұнда 110 гектар егіс алаңына тұқым себілді. Қазір 100 гектардан аса егіс алаңына тұқым себуге әзірленді. Өзірленген жердің жалпы өзінде сақтап, тұқымның қаулап өсуін қамтамасыз ету үшін тұқым себу жұмысы тәулік бойы ұйымдастырылды.

Колхозда саяси-көпшілік жұмыстары да жақсы жолға қойылған. Коммунистер мен комсомол мүшелерінен үгітшілер тағайындалған. Үгітші Баранова жолдас үнемі егіншілер арасында болады. Ол үкметіміз бен партиямыздың қаулыларын колхозшыларға кеңінен түсіндіріп, оларды еңбек өнімділігін арттыруға жігерлендіреді. Қабырға газеті, жауынгерлік листоктар шығарылып, озат колхозшылардың жұмыс тәжірибесі ортаға салынып, көпшіліктер батыл сыналды. Коммунистер мен комсомол мүшелері колхоз жұмысының ең жауапты учаскелерінде істеп, басқаларға үлгі көрсетуде.

сынырдың 64 ғана жұмысқа қосылды. Осы сыяқты колхоздағы 8 трактордың қарап тұрғанына 7—8 күн болды. қалған 4 күнделік жұмыс мөлшерін орындамайды.

Мұнда егіс жұмыстарының қарқы төмен болуын—колхозшылар арасында бек тәртібінің нашарлығынан, үгіт-көпшілік жұмыстарының ойдағыдай жүргізілмегендігінен деп түсіну керек. Егіс 107 адам жұмыс істеу керек болса, оның ішінен 22 адам қос басына баста көрген емес. Колхоздағы үгітші соңғы кезде колхозшылар арасында де-бір әңгіме өткізген жоқ. Комсомол ұмы мен партия ұйымы үгіт-көпшілік жұмысы мен социалистік жарысқа баспалық етуді ескермеген.

Міне, көршілес екі колхоздың жұмысылайша екі түрлі болып отыр. Бү Шевченко атындағы колхозды қолынан келетін, отан алдындағы, партия мен метіміз алдындағы жауапкершілігін түген, жұмысқа икемді Митрофанов жолдың басқарып отырғаны, ал «Проводы колхозын қолынан іс келмейтін, даурна Барасиев жолдас басқарып отыр» көрінеді.

9 Майды жеңіс мерекесі деп жариялау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Совет халқының неміс-фашист басқыншыларға қарсы Ұлы Отан соғысының жеңіспен аяқталуы және сөзсіз тізе бүккендігін мәлімдеген гитлершіл Германияның толық талқандалуымен аяқталған, Қызыл Армияның қол жеткен тарихи жеңістері хұрметіне, 9 май бүкіл халықтың салтанат күші—ЖЕҢІС МҰРЕКЕСІ деп саналатын болып тағайындалсын.

9 май жұмыс күні емес деп есептелсін.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі

М. КАЛИНИН.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретарі

А. ГОРКИН.

Москва, Кремль.

1945 жылғы 8 май.

ССРО Халық Комиссарлары Советінде

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 9 майды ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ деп жариялау туралы Указына сәйкес, ССРО Халық Комиссарлары Советі 1945 жылғы 9 майды жұмыс күні емес деп есептеуге қаулы етті.

ССРО Халық Комиссарлары Советі барлық совет, мемлекет мекемелеріне былайғы 9 майды ЖЕҢІС МЕРЕКЕСІ—бүкіл халықтың салтанат күні өз үйлерінің үстінде Советтік Социалистік Республикалар Одағының мемлекеттік жалауларын тігуді тапсырды.

В. М. Молотов жолдастың Кайзердің кеме құрылыс орындарында болуы

САН-ФРАНСИСКО, 6 май. (ТАССтың арнаулы тілшісінен). В. М. Молотов Американың Москвадағы елшісі Гарриаманды, Советтер Одағының АҚШтағы елшісі Громыканы, Советтер Одағының басқа да ресми ақсақаларын ертіп, Кайзердің кеме құрылыс орындарында болды, сөйтіп 3 сағаттай уақыт бойына дерлік өзінің пайдаланылуға берілуінен бергі уақыттың ішінде 700ден аса кеме жасап шығарған алып өндіріс орнын көрді. Молотов жолдас сауда кемелерін көптеп жасап шығару әдісімен танысты.

7 МАЙДАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері МАГДЕБУРГТІҢ солтүстік және оңтүстік-батыс жағында ЭЛЬБА өзеніне жетті, сөйтіп ГЕНТИН, ЦЕРБЕТ қалаларын және ШЕНХАУЗЕН, БЕРГЦОВ, ПАРЕЙ, ШАРТАУ, ГЕРВИШ, ЛЕЙТЦНАУ, ГЕРДЕН, ВАЛЬТЕРНИНБУРГ, ШТОЙТЦ үлкен қыстақтарын алды. 6 майда майдан әскерлері немістердің 3100 солдатты мен офицерін қолға түсіріп, аэродромдарда дұшпанның 34 самолетін қолға түсірді.

1-УКРАИН майданының әскерлері жауды ұзақ уақыт бойына қоршауда ұстау нәтижесінде, 7 майда, БРЕСЛАВЛЬ (БРЕСЛАУ) қаласы мен қамалын толық алды.

Қаланы қорғап тұрған неміс әскерлерінің гарнизоны, қамал коменданты, инфантерия генералы фон Ниггоф өзінің штабымен қоса қарсылықты тоқтатып, қару тастады, сөйтіп қолға берілді. 7 майдағы 19 сағатқа дейін әскерлеріміз БРЕСЛАУ қаласында немістердің 40 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

1-УКРАИН майданының әскерлері МОРАВСКАЯ ОСТРАВА қаласының батыс және оңтүстік-батыс жағында шабуыл жасай отырып, ФРЕЙДЕНТАЛЬ, МОРАУДАҒЫ ФРИДЛАНД, МЕРИШ-НЕИШТАДГ, ШТЕТАНОВ қалаларын және БИЛЬДГРУБ, ШУМАЛД, МЕДЛОВ, ХВАЛКОВИЦЕ, ШМЕЙЛЬ, СПАЛОВ, ОДРЫ, ГАЛАЧОВ, ЛЕШ-НА үлкен қыстақтарын ұрыспен алды. 6 майдағы ұрыстарда майдан әскерлері немістердің 2000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ.

5 және 6 майда әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен немістердің 10 самолеті атып түсірілді.

1-Белорус майданының әскерлері Магдебург қаласының солтүстік және оңтүстік-батыс жағында Эльба өзеніне жетті. Дұшпан жеке учаскелерде қарсылық көрсетуге тырысты, алайда совет танктері мен жау әскерлері жауға соққы беріп, оны кері қуып тастады. Немістер жолдардың маңызды торабы—Гентин қаласының шет аймақтарына бекінді. Ұрыс нәтижесінде бөлімдеріміз қалаға басып кі

ріп, жаудың гарнизонын талқандады. 600 ден аса гитлершіл жойылды. Жаудан 19 зеңбірек, 73 пулемет, 3 радиостанция және оқ-дәрі қойған қойма қолға түсірілді.

1-Украин майданының әскерлері жауды ұзақ уақыт бойына қоршауда ұстау нәтижесінде, бүгін Бреславль (Бреслау) қаласы мен қамалын толық алды. Февральдің орта шенінде совет бөлімдері қарулы орағыта әдіс жасап, Бреславльді қоршап алған болатын. Немістер қаланы ұзақ уақыт бойына қорғап тұруға әзірленді. Олар көшелерде баррикадалар құрып, оларды танкке қарсы орлармен бүркемеледі. Немістер әрбір үйді көптеген атыс ұялары бар атыс бекінісіне айналдырды. Гитлершілдер совет әскерлерінің алға басып қыйындату үшін бірсыпыра жерлерде үйлерді талқандап, көшелерде бөгет жасады. Олар әресе көшелердің бұрыштарында далалық артиллерия және өздігінен жүретін зеңбіректерді топтандырып, қорғанатын күшті тіректі бекініс салды.

Әскерлеріміз табан тірескен көше ұрыстарының барысында барған сайын алға баса отырып, қоршау шеңберін қысқаққа алуда болды. Шабуылшы топтарымыз гитлершілдерді баспаналарынан түріп шығаруда болды. Артиллерияшылар мен ұшқыштар дұшпанның қарсыласу тораптарына ұз

діксіз соққы берді. Жаудың қоршауға аман қалған гарнизоны совет әскерлерінің шат бұзып өту жөнінде әлде неше рет әрі жасады. Неміс солдаттары әсәсілдер бірге қарсы атақаға шығып, совет біректерінің минометтері мен пулеметнің нәсерлете жаудырған оғы астымындап қырғынға ұшырауда болды. Завальде қоршауға алынған неміс әскеріне совет командованиесі тізе бұғу ралы ультиматум ұсынды. Аз уақыт ғана созылған келіс сөздерден кейін мал коменданты инфантерия генерал фон Ниггофтың басқаруындағы жау гарнизоны қарсылықты тоқтатып тастады, сөйтіп қолға берілді. Бүгінкі сағат 7ге дейін Бреславльде немісдің 40 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірілді.

Бреславль қаласы—аса маңызды жол тораптарының бірі және ірі өндіріс орталығы. Мұнда металлургия, машина құрылысы заводтары, авиация басқа соғыс өнеркәсіп орындары бар

Қызытулы Балтық Флотының авиасы 5 майда Рюген аралы аумағын дұшпанның 6 мың тонналық транспорт суға батырды.

Ауылдық, селолық советтердің Республикалық социалистік жарысын ұйымдастырайық!

Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтарал ауданындағы Алғабас ауыл советі депутаттары мен активтерінің үндеуі

Оңтүстік Қазақстан облысының Мақтарал ауданындағы Алғабас ауылдық советінің депутаттары мен активтері республикамыздың ауыл-селолық советтерінің арлық председателдерін, депутаттары мен активтерін Қазақ ССР 25 жылдығын мерітіне ауыл-селолық советтердің социалистік жарысын ұйымдастыруға шақырады. Олардың үндеуінде былай делінген:

Қаһарман Қызыл Армияның неміс-фашист басқыншыларды талқандаған тама-а жеңістері жүрегімізді зор қуанышқа толды. Майданға көмекті күшейтуге, жауға біржолата жеңетін күнді жақындатуға, Советтік Қазақстанның 25 жылдығынлық шаруашылығы мен мәдениетіміздің қай саласында болса да жаңа табыстарға қарсы алуға ұмтылған жігеріміз оған айып күшеюде.

Өткен жылы біздің ауылдық советке қараған колхоздар орта есеппен гектарынан 12 центнер мақта алды, егіннің өнімі арттыру жоспарын оңайырақ асырып шығады. Мемлекетке берілетін өнімнің бірін мерзімінен бұрын тапсырдық. Ауылдық советтің депутаты Ақбала Жайлауының звеносы гектарынан 32 центнер мақта алды. 68 жастағы Нарбай Аманжолдың бригадасы 24 центнерден мақта алды, басқалары да мақта егісінен осыны мол өнім жыйнады. Колхоздардың мал бұйымдары мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын қай түрінен орындай отырып шығады. Жоспардан тыс 98 мал өсіріліп, оның бәрі малсыз колхозшыларға таратылды. Майдандағы ұлан-ғайырлардың үйлеріне 100 мал, 50 центнер азық-түлік берілді.

1945 жылы егіннен мол өнім алу күресі біз күзден бастадық. Қазіргі уақытта колхоздарда 12 бригада мен звено жұмыс істейді, көптеген бір гектаршылар бар. Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты Ур Абеновтың бастауымен ауылдық советтің активтері гектарынан 100 центнер мақта алуға міндеттенді. Ауыл қартының өндіріс мәслихатында 73 жастағы Омар Сүгіров, 65 жастағы Бекжігіт Қизбаев және басқалары депутаттардың қатарына мейлінше қосылып, өздері де міндеттемелер алды. Оқытушылар Хабира

Қожахметова мен Разия Сакенова мектептегі жұмыстарынан тыс әрқайсысы бір гектар жердің егісін баптауға, әрбір гектардан кемінде 50 центнер мақта алуға міндеттенді.

Біздің ауылда еңбекшілердің тұрмысын жақсартуға, мәдени-тұрмыс қажетін өтеуге толық көңіл бөлініп отыр. Мектеп жасындағы балалардың бәрі де оқуда. Мектептер оқу құралдарымен, отынмен толық қамтамасыз етілді. Әрбір колхозда монша және басқа сондай көпшілік пайдаланатын орындар бар.

Жолдастар, Қазақстанның ауыл-селолық советтерінің депутаттары мен активтері! Қазақ ССР 25 жылдығы атындағы республикалық социалистік жарысқа қосыла отырып, біз мынадай міндеттемелер аламыз.

I. АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

1. 1945 жылы дәнді егістердің гектарынан 10 центнерден, мақтаның гектарынан 14 центнерден өнім аламыз.

2. Агротехникалық мерзімде—15 майға дейін күзгі және көктемгі егістердің бәрін екі рет арам шөптен тазартамыз.

3. Техникалық егістерді агротехника талаптарына сай жақсы күтеміз. Маусымның аяғына дейін мақта егілген жерлердің шөбін 4 рет терең қонарып отаймыз, 4 рет культиватормен терең айдаймыз, 4 рет бораздалан суарамыз. Мақтаның шабығын 10 майға дейін, топырағын көпсітуді 15 июльге дейін аятаймыз. Мақта пісер кезде егісті тағы бір рет қоректендіреміз.

4. Ауыл шаруашылығына зиянды жәндіктерді қыруға барлық шараларды қолданамыз.

5. Егінді жыйнауға күні бұрын даярланамыз. Егін жыйнайтын машина-саймандарды жөндеу жұмыстарының бәрін 10 майға дейін аяқтаймыз.

6. Дәнді егістердің бәрін 15 августқа дейін ысырапсыз толық жыйнап аламыз.

7. Астық дайындау жоспарын қай түрінен болса да мерзімінен бұрын—20 августқа дейін орындаймыз.

8. 1946 жылға керекті дәнді егістер тұқымының және сақтық қорының ауыл-

дық советке қараған әрбір колхозда былайғы 20 сентябрьге дейін толық құйылуын қамтамасыз етеміз.

9. Агротехниканың талаптарын бұлжытпай орындай отырып, күзгі дәнді егістер егуді 1 октябрьге дейін, зияб жұртуды 10 ноябрьге дейін аяқтаймыз.

10. 20 декабрьге дейін арықтарды даярлау жұмысының бәрін аяқтап, 1946 жылы егін салынатын жердің бәрін арам шөптен тазартамыз.

II. МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӨНІНДЕ

1. Быйыл барлық колхоздарда әрбір жүз саулық пен ешкіден 110 қозы мен лақ, әрбір 100 сыйырдан 95 бұзау, әрбір 100 биеден 80 құлын, әрбір 100 иттеннен 40 бота, әрбір мегежіннен 10 торай өсіреміз.

2. Мал шағылыстыру жоспары бойынша белгіленген жұмыстардың бәрін мезгілінде толық орындаймыз.

3. Мал басын толық аман сақтаймыз, малды көктемгі жайылымнан жазғы және күзгі жайылымға тәртіппен шығарып, малдың дұрыс жайылып семіруін қамтамасыз етеміз, сөйтіп малды жақсы семіртіп, өнімін арттырамыз.

4. Жайылым жерлерді дұрыс және тәртіппен пайдаланамыз, шөп шабу, шөпті майлау жоспарын гектар есебімен де, тонна есебімен де мезгілінде толық орындаймыз. Жоңышқаны кемінде 4 рет шабамыз.

5. Богамдық мал шаруашылығын өркендетудің жылдық мемлекеттік жоспарын малдың қай түрінен болса да 1 сентябрьге дейін орындаймыз.

6. 1945 жылы мал шаруашылығының өнімін тапсырудың жылдық жоспарын қай түрінен болса да 8 айдың ішінде 100 процент орындаймыз, сол сияқты мемлекетке кемінде 2000 жақсы қарақұл тері тапсырамыз.

7. Малды қолда бағатын базаларда мал қыстатуға даярлық жұмыстарының бәрін 1 октябрьге дейін аяқтаймыз.

8. 1 октябрьге дейін мал азығының кемінде 80 процентін мал базаларына тасып аламыз, малды отарлап бағатын қыс-

қы учаскелерде мал азығының жеткілікті сақтық қоры болуын қамтамасыз етеміз.

9. Малды қысты күні отарлап бағуға даярлау жұмыстарын мезгілінде толық орындаймыз. 1 октябрьге дейін малды жайып бағатын учаскелерде жаңа құдықтар қазамыз, ескі құдықтарды тазартамыз, мал бағушыларды киіз үймен, азық-түлік және киіммен қамтамасыз етеміз; малдың төлі үшін жылы қора даярлаймыз.

III. ЕҢБЕКШІЛЕРДІҢ МӘДЕНИ ТҰРМЫС ҚАЖЕТІН ӨТЕУ ЖӨНІНДЕ

1. Егін қостарын мәдениетті түрде жабдықтаймыз. Көпшілік қызыл отаулар ашамыз.

2. Газеттердің, журналдардың, кітаптардың, хаттардың егін қостары мен мал фермаларына мезгілінде жеткізіліп тұруын қамтамасыз етеміз.

3. Барлық колхоздарда бала яслилері мен балалар бақшаларын ашамыз, оларды азық-түлікпен және ойыншықтармен қамтамасыз етеміз.

4. Моншалардың жұмысын жолға қойып, тоқтаусыз жұмыс істеп тұратын етеміз, олар үшін жеткілікті отын дайындаймыз.

5. Мектеп жасындағы барлық балаларды оқуға тартуға барлық шараны қолданамыз. Мектептердің балаларды үзбей оқытып тұруын қамтамасыз етеміз, оларды отынмен толық жабдықтаймыз. Мектептерді, мектеп саймандарын 1 сентябрьге дейін жөндеп боламыз.

6. Быйылғы әңгірден бастап барлық колхоздарда оқушылардың аяқ киімін тігу, жамау жұмысын ұйымдастырамыз.

7. Мектеп оғордтары үшін және оқытушылардың жеке пайдалануына 2,5 гектар жер беріп, оны тұқыммен қамтамасыз етеміз.

8. Оқу үйлерін, клубтарды, қызыл мүдистерді 1 сентябрьге дейін толық жөндеп оларды керекті саймандармен қамтамасыз етеміз. Клубтар мен мектептер жанында әдебиет, музыка үйірмелерін ашамыз.

9. 1 сентябрьге дейін ауыл халқы арасындағы сауатсыздықты жойып, шала са-

уаттыларды толық сауаттандырамыз.

10. Мектептер, клубтар, дәрігерлік пункттері, ауылдық совет пен колхоз басқармаларының үйлері жанына көктемде ағаш егеміз, ал колхозшылардың үй іргесіндегі учаскелерінің әр қайсысына 25 түп жеміс ағашын егеміз.

11. Колхоз үйлерінің, көшелер мен жолдардың таза болуын, үйлердің жөндеуін, ақталуын қамтамасыз етеміз.

12. Дәрігерлік пункттерінің жұмысты үлгілі атқаруын қамтамасыз етеміз.

13. Дәрігерлік пункттің қызметкерлеріне 2 гектар жер жыртып береміз, бұл жерге керекті тұқым береміз. Дәрігерлік қызметкерлерді көлікпен, азық-түлікпен үнемі қамтамасыз етіп отырамыз.

IV. ҰЙЫМДАСТЫРУ-КӨПШІЛІК ЖҰМЫСЫ ЖӨНІНДЕ

1. Сайлаушылармен байланысты күшейтеміз, көпшілік-түсінік жұмысын үнемі жүргізіп отырамыз, сайлаушылардың тапсырмаларының орындалуы туралы мезгілінде есеп беріп отырамыз.

2. Еңбекшілердің арыздары мен шағымдарының мезгілінде қаралуын қамтамасыз етеміз, бұл арыздарды тура колхоздардың, егін бригадалары мен фермалардың өзінде қараймыз.

3. Әскери қызметшілердің үйлеріне, көп балалы әйелдерге және отан соғысының мүгедектеріне жәрдем мен пенсияның мезгілінде төленуін қамтамасыз етеміз; әскери қызметшілердің үйлеріне және отан соғысының мүгедектеріне жәрдемді көбейту үшін жергілікті қаржыны кеңінен пайдаланамыз.

4. Колхоздардың өздері алған міндеттемелерін республикамыздың 25 жылдығына дейін орындауына көмектесу үшін колхоз өндірісінің барлық учаскелеріне депутаттар мен активтерді бекітеміз.

5. Ауылдық советтің және тұрақты комитеттердің жұмысын жақсартамыз, совет жұмысына, ауыл-селолық советтің негізгі міндеті—колхоздарды ұйымдастыру шаруашылық жағынан ығайту міндетін орындауға жаңа активтерді кеңінен қатыстырамыз.

Солтүстік-батыс Германияда, Голландия мен Данияда герман әскерлерінің тізе бүгуі

ЛОНДОН, 4 май. (ТАСС). Рейтер агенттігінің одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының жанындағы тілшісі, солтүстік-батыс Германияда герман әскерлерінің қарсылықты мүлде тоқтатқандығын хабар етті.

Генерал Мантгомери генерал Эйзенхауэрге, германияның Голландиядағы, солтүстік-батыс Германиядағы, Даниядағы, Гельголанд аралындағы және Фриз аралдарындағы әскерлерінің одақтастар әскерлерінің 21-армия тобы алдында тізе бүккендігін хабар етті. Тізе бүгу 5 маус күндіз Англия уақыты бойынша 8 сағат 00 минутта болды. Қазіргі күнде солтүстік-батыс қанатта 21-армия тобына қарсы тұрған жаудың әскерлері де тізе бүкті.

Солтүстік-батыс Германиядағы герман әскерлерін генерал-фельдмаршал Эрнст фон Буш басқарады.

Германияның оңтүстіктегі әскер тобының тізе бүгуі туралы Эйзенхауэрдің мәлімдемесі

ЛОНДОН, 6 май. (ТАСС) Рейтер агенттігінің хабары бойынша, бүгін генерал Эйзенхауэр мәлімдеме жариялаған. Бұл мәлімдемеде былай делінген: «Батыс майдандағы герман армияларының арасында тозғындаушылық және ыдыраушылық етек алды. Оңтүстік қалатта герман әскерлерінің генерал Шульцтің басқаруындағы 1-және 19-армиялардан құралған армия тобы бүгін түстен кейін генерал Дерске келіп қолға берілді».

Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабары

ЛОНДОН, 7 май. (ТАСС). Одақтастардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованиесі штабының хабарында былай делінген: Гиммлердің 4 апрелде жазылған, аты шулы Дахау тұтқындар лагеріндегі тұтқындардың бірде біреуі «тірі күйінде дұшпанның қолына түсуге тиісті емес» екендігі туралы бұйрығы одақтастар әскерлерінің қолына түсті. Гиммлер бұл лагерді дереу көшіру туралы бұйрық берді.

жарысы ұйымдастырылсын деп қаулы алды. Республиканың ауылдық, селолық советтері қысқа: 1945 жылы әрбір колхозда егін мен мол өнім алу, мал шаруашылығын өркендету жоспарын асыра орындау, мемлекетке ауыл шаруашылық өнімдерін тапсұру міндеттемесін мерзімінен бұрын орындау, ауыл мен селода әлеуметтік мәдениет жұмыстары жөнінде белгіленген араларды толық жүзеге асыру, бұлардың бәрін советтердің ұйымдастыру-көпшілік жұмыстарын кеңінен өрістетуге арқы орындау міндеттері тұр.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі ауылдық, селолық советтердің республикалық социалистік жарысының шартын келтіріп, еңбекшілер депутаттарының облыстық және аудандық советтерін осы

жұмыстарында, ауылдық, селолық советтердің сессияларында кеңінен талқылауды ұйымдастыруға міндеттеді. Бұл үндеуді, Халық Комиссарлары Советінің қаулысын және социалистік жарыстың шартын талқылап, нақты шаралар белгілеу ісінде ауылдық, селолық советтерге көмектесу үшін облыстық, аудандық советтердің өкілдері, жіберілуі керек.

Ауылдық, селолық советтердің республикалық социалистік жарысына басшылық ету үшін Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі жанынан үкметтік комиссия құрылды. Бұл комиссияның составында А. П. Заговельев (председателі), І. Омаров (председательдің орынбасары), А. Дауылбаев, И. К. Лукьянец, Ы. Тәжіев, Н. Д. Заленский, Х. Сембаев, С. А. Чесноков, М. Сапарғалиев, К. И. Нефедов, Б. Аса-

нықандарға беру үшін Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі 32 ауыспалы Қызыл Ту белгіледі. Қызыл тумен бірге 10 мың сомдық сыйлық беріледі. Қызыл Ту мен сыйлықтар шаруашылық жылдың аяғында үкметтік комиссияның қаулысы бойынша беріледі.

Социалистік жарыс шартының орындалуына бақылау жүргізудің мынадай төртінші белгіленді:

а) ауылдық, селолық советтердің сессияларында ауылдық-селолық совет председателдерінің социалистік жарыс шартының орындалуының барысы туралы баяндамалары, көмекші комиссиялардың әрбір учаскеде жарыстың барысын тексеру жөніндегі қосымша баяндамалары ай сайын тыңдалып отырылады;

б) аудандық совет атқару комитеттері-

в) аудан, облыс және республика бойынша социалистік жарыстың алғашқы қорытындылары жарыстың бірінші кезеңінің аяғында—1 июнде, екінші кезеңінің аяғында—1 октябрде және үшінші кезеңінің аяғында—1946 жылғы 1 январьда шығарылады. Жарыс қорытындылары баспасөз бетінде жарияланып отырылады.

Бұл үшін аудандық советтердің атқару комитеттері социалистік жарыс шарттарын ауылдық, селолық советтердің қалай орындап келе жатқанын жарыстың әрбір кезеңінің аяғында жаппай тексеріп отыруға тиіс.

Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі облыстық аудандық советтердің атқару комитеттерінен ауылдық, селолық советтердің социалистік жарысының барысын күнделікті бақылап, оларға нақты көмек

қамтамасыз етуді, оларды социалистік жарыста өз советінің озып шығып, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советінің ауыспалы Қызыл Туы мен сыйлығын алуға жұмылдыруды талап етті.

Ауылдық, селолық советтердің республикамыздың 25 жылдық мерекесін лайықты табыстармен қарсы алуға бағытталған социалистік жарысына зор маңыз беріп отырып, Қазақ ССР Халық Комиссарлары Советі ауылдық және селолық советтер республикалық социалистік жарысқа белсене қатысады, сөйтіп, олар өз ауыл, селосындағы барлық шаруашылық және әлеуметтік мәдени жұмыстарының ойдағыдай орындалуын ұйымдастыратын орталыққа айналады деп сенеді.

Ауылдық және селолық советтердің Қазақ ССР-ның XXV жылдығы хұрметіне ұйымдастырған республикалық социалистік жарысының шарттары

БІРІНШІ КЕЗЕҢ

Егін шаруашылығы жөнінде

1. Колхоздарды жазғы егіске керекті жары сапалы, кондициялық тұқыммен қамтамасыз ету.
2. Жазғы егісті қысқа мезгілдің ішінде, агротехника талаптарына сай өткізу.
3. Бір колхоздың егістің әрбір түрінен белгіленген жоспарды бұлжытпай орындауын қамтамасыз ету.
4. Суармалы жерге салынатын егіс жоспарын толық орындау.

Мал шаруашылығы жөнінде

1. Мал шаруашылығында төл алу науанын толық әзірлікпен қарсы алып, жақсы өткізу.
2. Сыйыр, шошқа шағылыстыру, інген ытыту жұмысының тоқсандық жоспарын орындау.
3. Пішен жыйнайтын, оратын машиналардың 1945 жылдың 15-майына дейін пайдаланып қойылуын қамтамасыз ету.

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ

Егін шаруашылығы жөнінде

1. Жаздық, күздік, дәнді егістің арашын отау жоспары белгілі агротехникалық мерзімде орындалып отыратын ету.
2. Техникалық және майлы егістерді өсіру жоспарын белгілі агротехникалық мерзімде орындау.
3. Ауыл шаруашылық егістерін суару белгіленген жоспарға сай дер кезінде не сапалы өткізу.
4. Пар айдау және культивациялау шарын белгіленген мерзімде орындау.

Мал шаруашылығы жөнінде

1. Төл алу науанын жақсы аяқтау.

2. Малды жайылымға шығарып, жақсы семірту.

3. Пішен шабу және шөп сүрлеу жоспарын гектар есебінен де, тонна есебінен де үкмет белгілеген мерзімде орындау.

4. 1945 жылдың 1-сентябріне мал өсіру жөнінде жақсы қортындыларға не болу.

5. Мал шаруашылығының өнімін мемлекетке тапсырудың 10 айлық жоспарын орындау.

ҮШІНШІ КЕЗЕҢ

Егін шаруашылығы жөнінде

1. Барлық егін өнімін аудандық Совет атқару комитеті көрсеткен мерзімнен қалдырмай ырапсыз жыйнап алу.

2. Ауыл шаруашылық егістерінің барлық түрінен өнімді жоспардағыдан кемінде 5 процент артық алуды қамтамасыз ету.

3. Ауылдық, селолық Советке қарасты колхоздардың мемлекетке астық тапсыру міндеттемесін егістің түрлерінен мезгілінен бұрын орындауын қамтамасыз ету.

4. Колхоздарда 1946 жылғы әрбір егіске керекті тұқым және сақтық қорын уақытында толық құюды қамтамасыз ету.
5. Зияб айдау және күздік егу жоспарын көрсетілген агротехникалық мерзімде орындау.

Мал шаруашылығы жөнінде

1. Малдың жазғы және күзгі жайылымнан төгіс семіз болып қайтуын қамтамасыз ету.

2. Мал қыстатуға әзірлікті кезінде аяқтап, Советке қарасты барлық колхоздардың аттестат алуын қамтамасыз ету.

3. Мал қыстату басталғанша қысқа көректі мал азығының кемінде 60% мал қораларына тасып алу.

4. Малды жайылымда қыстатуға әзірлік шараларын және малды отарға шығару жоспарын толық орындау.

5. Барлық түліктен мал өсіру жоспарын асыра орындау.

6. Мал шаруашылығының барлық түрінен мемлекетке тапсырылатын өнімнің жылдық жоспарын мезгілінен бұрын орындау.

БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРГЕ КІРЕТІН ШАРТТАР

1. Мектеп және мәдени-ағарту мекемелері жөнінде

1. 1945 жылғы халықтың арасында сауатсыздықты тегіс жою.

2. Мектептің, клубтың, оқу үйлерінің, қызыл бұрыштардың және ойын-сауық үйірмелерінің жұмысын үздіксіз жүргізу.

3. 1945—1946 оқу жылының басталуына барлық мектептердің толық әзір тұруын қамтамасыз ету:

- а) барлық мектеп үйлерін және мектеп мүліктерін толық жөндеу;

- б) керекті отынды жеткілікті дайындап, оның кемінде 50% мектепке тасып жеткізу;

- в) мектеп жасындағы барлық балаларды оқуға тарту.

II. Қыстақтарды көркейту жөнінде

1. Әрбір колхозды моншамен, дезокамермен қамтамасыз етіп, олар үздіксіз жұмыс істейтін ету.

2. Барлық қыстақтарда, ең алдымен,

мектеп, клуб, дәрігерлік пункттер және әкімшілік мекемелер төңірегінде ағаш, шөп егу.

3. Барлық қыстақтардың мәдени таза түрде ұсталуын қамтамасыз ету.

4. Халықты таза ішімдік сумен қамтамасыз ету.

III. Халық арасындағы дәрігерлік жұмыстар жөнінде

1. Селоның дәрігерлік учаскелері мен пункттерінің халық арасындағы дәрігерлік жұмыстары жоспарын толық орындауын қамтамасыз ету.

2. Тазалық тәртібін берік ұстап, халық арасында жұқпалы аурулардың тарауына жол бермеу.

3. Колхозшылардың көмекке мұқтаж балаларының бәрін маусымдық балалар асханалары мен балалар алаңдарына тартып, оларды керекті құралдармен, азық-түлікпен үнемі қамтамасыз етіп отыру.

4. Ауруханаларға егістік жер беріп, оны тұқыммен қамтамасыз ету. Бұл егістен жақсы өнім алынатын ету.

IV. Финанс-бюджет жұмысы жөнінде

1. Халықтап алым-салық жыйнайтын орынның бәрін дер кезінде есепке алу.

2. Ауыл-селолық бюджеттің барлық кіріс салалары тоқсан сайын орындалып, бюджетте қамтылған барлық шараларға қаржы толық берілетін ету.

V. Ұйымдастыру-көпшілік жұмысы жөнінде

1. Сайлаушылармен байланысты күшейту, олардың арасында көпшілік-түсінік жұмыстарын жақсарту және сайлау

шылардың тапсырмаларының орындалуын туралы олардың алдында депутаттардың үнемі есеп беріп отыруын қамтамасыз ету.

2. Әскери қызметкерлердің үй-ішінің және барлық азаматтардың шарым-арыздарын дер кезінде қарау, оларды арнаулы күндерде, тікелей колхоздарда, егіс бригадаларында фермаларда қарау тәртібін қолдану.

3. Әскери қызметкерлердің үй-іштерінде, көп балалы аналарға және ұлы Отан соғысының мүгедектеріне тағайындалған пенсиялар мен көмектер кезінде беріліп тұратын ету.

4. Әскери қызметкерлердің үй-іштері мен Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне жергілікті халықтың көмегін ұйымдастыру арқылы оларға ұдайы жәрдемдесіп отыру.

5. Колхоз өндірісінде жұмыс істеуші әрбір депутат және Совет активі жұмыс нормасын толық және артық орындайтын ету.

6. Тұрақты комиссиялардың жұмысын жақсы ұйымдастырып, олар колхоздың, мекемелердің, кәсіп орындарының жұмыстарын тексеру және зерттеу жөнінде советке белсене көмектесетін ету. Тұрақты комиссиялардың осындай тексеру нәтижесінде жасаған ұсыныстарын, олардың ұсыныстары бойынша Совет қабылдаған қаулылардың жүзеге асырылуын талқылап отыру. Бұл комиссиялар арқылы Совет жұмысына жаңа активтерді кеңінен қатыстыру.

Польша үкметіндегі өзгеріс

ВАРШАВА, 5 май. (ТАСС-тың арнаулы тілшісінен). 3 майда, Өлкелік Халық Кеңесі сессиясының кешкі мәжілісінде Кеңес Президенті Берут сөз сөйледі. Ол өзінің 2 майда Эдуард Осубка-Моравскийдің оны қосымша сыртқы істер министрі міндетінен босату туралы өтінішін қабылдағандығын хабарлады. Сол сияқты заң министрі міндетінен босату туралы берген Эдмунд Залескийдің де өтініші қабылданды. Винцента Ржиновский мәдениет және көркем өнер министрі қызметінен босатылды. Министрлер Кеңесінің председателі Беруттың ұсынысы бойынша Сыртқы істер министрі болып Винцента Ржиновский, заң министрі болып Свентковский және мәдениет, көркем өнер министрі болып Эдмунд Залеский тағайындалды.

Данияның жаңа үкметінің құрылуы

БӨПЕНГАГЕН, 6 май. (ТАСС). Дания корольдігі тапсыруы бойынша Данияның жаңа үкметі құрылды. Данияның жаңа үкметінің бас министрі болып Буль, ең қорғау министрі болып —Ольс Бьерн Казот; сыртқы істер министрі болып Кристмас Меаар; бітім шартын жасау туралы келіс сөздер жүргізу жөніндегі министр болып Хенрик Баухман тағайындалды.

Газет дабылынан кейін

„ЖАУАПСЫЗДЫҚТАН ҚАШАН АРЫЛАР ЕКЕН“

Газетіміздің осы жылғы 18 марттағы санында «жауапсыздықтан қашан арылау екен» деген тақырыпта тілші хаты жарияланған еді. Онда Преснов ауданындағы «Ұзынқол» колхозы басшыларының егіске әзірлікті тыңғыштығы ұйымдастырмай, жайбарақат отырғаны айтылған болатын.

Преснов ауданындағы Айымжан ауылдық советінің председателі Ыбраев жолдас хатта көрсетілген фактілерді тексеріп келгенде көрсетілген фактілер дұрыс екендігін, айтылған кемшіліктер іс үстінде жойылғандығын, қазір колхозда көктемгі егіс жұмыстары ойдағыдай жүргізіліп отырғандығын хабарлады.

Жауапты редактор В. ОСПАНОВ.

Қалалық байланыс конторына түпкілікті жұмысқа бас бухгалтерлер, телефон жөндеушілер, пошташылар, шоферлер және басқа көмекші жұмысшылар КЕРЕК. Адрес: Орталық почта бөлімі, қызметкерлер бөлімі.